

Қазақ КСР Ғылым академиясының Физика-техникалық институтын, Қазақ КСР Ғылым академиясының Жоғары энергиялар физикасы институтын қайта ұйымдастыру және Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Шығыстану институтын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 11 қараша N 1369

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым Академиясының:

Қазақ КСР Ғылым Академиясының Физика-техникалық институтына Қазақ КСР Ғылым Академиясы Жоғары энергиялар физикасы институтын қосу арқылы Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Физика-техникалық институты етіп қайта құру туралы:

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Ф.С.Сәдуақасов атындағы Ұйғыртану институтының базасында Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Шығыстану институтын ұйымдастыру туралы ұсыныстары қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы жоғарыда аталған Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы ғылыми-зерттеу институттарының жарғыларын бекітсін.

3. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Рамазан Бимашұлы Сүлейменовті мәңгі есте қалдыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 20 қаңтардағы N 88 қаулысының 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1994 ж., N 5, 45-құжат);

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Ұйғыртану институтына Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ғожахмет Сәдуақасұлы Сәдуақасовтың есімін беру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 14 маусымдағы N 629 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1994 ж., N 25, 269-құжат).

4. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК